

Бекітемін: 
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
менгерушісі Т.М.Айтқалиева
№1 Педагогикалық кеңес
«28» тамыз 2024 жыл



Келісілді 
әдіскер А.Н.Әубекер

«Бөбек kids» жеке бөбекжайы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және оқу
бағдарламасы негізінде**

**2024-2025 оқу жылына «Айналайын» кіші тобына арналған
Музыка ұйымдастырылған іс әрекетінің перспективалық жоспары**

Музыка жетекшісі: Хайрушева Д.Е

Түсінік хат

Бұл перспективалық жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы (2022ж 14 қазан №422 бұйрығы) негізінде жоспарланып құрылды.

Кіші жастағы балалармен ұйымдастырылған музыка оқу іс-әрекеті бөбектер бойындағы музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; музыка мен әнді қабылдауға баулу.

Күтілетін нәтижелер: музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды; музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер); қоңыраулардың жоғары және төмен дыбыстарын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады; педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады; әндегі сөз тіркестерін айтады (ересектермен бірге); музыкалық аспаптарды ажыратады (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ); бұрын естіген әндерді таниды; ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады); әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсетеді (қоян секіреді, құс ұшады); музыкалық-ырғақтық қимылдарды: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеуді орындайды.

Оқу аптасы – 5 күндік.

Оқу жүктеме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

Білім беру ұйымы: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ: «Айналайын» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-мамыр 2024-2025ж.ж.

айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
Қыркүйек	Музыка тыңдау: Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін қалыптастыру. Ән айту: Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау.
Қазан	Музыка тыңдау: Ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру Ән айту: Әннің сөздері мен жеке буындарды айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу);
Қараша	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу Ән айту: . Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау.
Желтоқсан	Музыка тыңдау: Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту: Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу.
Қантар	Музыка тыңдау: Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу. Ән айту: Ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қаттыақырын сылдырлату) үйрету.
Ақпан	Музыка тыңдау. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. Ән айту: Әнді жеке және топпен айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар Барабан және ағаш

	қасықтарды соғып ойнау. Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.
Наурыз	Музыка тыңдау: Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Ән айту: Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.
Сәуір	Музыка тыңдау: Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән айту Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.
Мамыр	Музыка тыңдау: Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ән айту: Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.